

## Атырау облысы Құрманғазы ауданының кейбір әкімшілік-аумақтық бірліктерін қайта атап туралы

Атырау облысы әкімдігінің 2018 жылғы 27 ақпандағы № 40 қаулысы және Атырау облыстық мәслихатының 2018 жылғы 16 наурыздағы № 197-VI бірлескен шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 3 сәуірде № 4087 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11-бабының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6, 27, 37-баптарына, облыстық ономастика комиссиясының 2017 жылғы 8 желтоқсандағы қорытындысына сәйкес, Атырау облысы Құрманғазы ауданының жергілікті өкілді және атқарушы органдарының ұсынуы бойынша, Ганюшкин және Киров ауылдық округтер, Ганюшкин және Дәшін ауылдары халқының пікірлерін ескере отырып, Атырау облысы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және VI шақырылған облыстық мәслихат кезекті XXI сессиясында ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Атырау облысы Құрманғазы ауданының келесі әкімшілік-аумақтық бірліктері:

- 1) Ганюшкин ауылдық округінің Ганюшкин ауылы - Құрманғазы ауылына;
- 2) Ганюшкин ауылдық округі - Құрманғазы ауылдық округіне;
- 3) Киров ауылдық округінің Дәшін ауылы - Хиуаз ауылына;
- 4) Киров ауылдық округі - Жаңаталап ауылдық округі болып қайта аталын.

2. Осы бірлескен қаулы мен шешімнің орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің орынбасары Н. Сайлауоваға және Атырау облыстық мәслихаттың депутаттық этика және құқық қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия төрағасы А. Абдолловқа жүктелсін.

3. Осы бірлескен қаулы мен шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап қүшіне енеді және олар алғашқы ресми жарияланған күннінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

H. Ногаев

Сессия төрағасы

A. Талтенов

Мәслихат хатшысы

Ә. Зинуллин